

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
Мақтаарал аграрлық колледжі



**«Адалдық жолынан айнымайық – тамырын жемқорлықтың біз  
шайық!»** атты Ішкі істер орган қызметкерлерінің, әкімшіліктің,  
прокуратура өкілдерінің қатысуымен  
қызметкерлер арасында өткізілетін жиынның  
*бағдарламасы*

**«Адалдық жолынан айнымайық – тамырын жемқорлықтың біз шабайық!» атты  
Ішкі істер орган қызметкерлерінің, әкімшіліктің, прокуратура өкілдерінің қатысуымен  
қызметкерлер арасында өткізілетін жиынның  
бағдарламасы**

**Мақсаты:**

1. Сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы барлық деңгейлердегі күресте тиімді жұмыс істеуге баулу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау.
2. Өз жұмыс-қызметіне жауапкершілікпен қарауға баулу.

**Көрнекіліктер:** Слайд, бейнеролик, қанатты сөздер.

**Жиынның барысы:**

**«Жемқорлықтың зардабы» Бейнеролик.**

**Жүргізуші:**

**Құрметті қонақтар, ұстаздар және қызметкерлер!**

**Бүгінгі тақырыптық жиынның мақсаты:**

1. Сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы барлық деңгейлердегі күресте тиімді жұмыс істеу.
2. Өз жұмыс-қызметіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке баулу.

Бүгінгі шарамызға қонақтар шақырып, бірлесе етіп өткізгенді жөн көрдік.

1. Мақтаарал ауданы бас маман заңгері Арман Бексейтұлы
2. Мақтаарал ауыл әкімінің көмекшісі Досжан Момынтайұлы

Пара алғандар темір тордан әрі асар,  
Алса да оны мойындамай санасар,  
Беделі кетіп, қайыры қашып ортадан,  
Мәнді өмірі енді қайтіп жарасар.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық қоғамымызды қатты аландатып отырған келеңсіз көріністердің бірі екені еш жасырын емес. Бұл қылмыс түрімен қоғам болып күресу мақсатында көп іс - шаралар қолға алынуда. Құқық қорғау органдары мен сот жүйесі де

осы бағыттағы заңнамаларды жетілдіріп қана қоймай, жемқорлықтың алдын алуға баса назар аударуда.

Қазақстан бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуның жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол еліміздің бірінші Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық ҚР азаматтарының азаматтық борышы деп білуіміз керек.

**Баяндама: «Сыбайлас жемқорлық туралы сіз білуге тиіс мәлімет»**

**Баяндамашы: Г.Ауельбекова**

**Жүргізуші:**

Қоғамдағы көкейтесті мәселе болып, өзек жарды проблемаға айналып отырған сыбайлас жемқорлық – ел ішіне білінбей кірген індет секілді. Баяулап, қадамын ақырын басып, анықтыққа жетелейін деді де. Ал біздің осы жауға қарсы қолданар қаруымыз – қоғам. "Қоғам – өмірдің айнасы" дейміз ғой. Айналамыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады. Сондықтан да қоғам қарсы болса, жай емес, тегіс қарсы болғанда ғана бұл індетті жоймақпыз. Бұл індетті жою – бізге міндет. Жемқорлық қоғамға ғана залалын тигізіп қоймайды. Сенің өміріңді құрдымға жіберер кесапат. Қоғамдағы болып жатқан әр түрлі көрініс болсын, соның бір бейнесі жемқорлық деп елестетуге болады. Тіпті, оның өзі үлкен бір сала болып алғандай.

Келесі кезекте сөзді қонақтарға береміз:

**Жүргізуші:**

Қоғамда жемқорлықтың алдын алудың ең негізгі жолы – жас ұрпақты адалдыққа тәрбиелеу. Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адам бағасының бір өлшемі де іспетті. "Адалдық" деген сөз шыншылдық, айнымастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық - пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді т.б. асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың қолжазбалары мен күнделіктерінен де кездестіруге болады

Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі туралы Ұлы Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол», - дейді. Адамгершілік ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне, адал еңбектенуге байланысты қалыптасып, адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды.

**Баяндама: «Адалдық – адамдықтың белгісі».**

**Баяндамашы: Ұ.Абдиқалиев**

**Жүргізуші:**

**Практика көрсеткендей,** сыбайлас-жемқорлық мемлекеттік жүйенің барлығын бұзады, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройның құлдырауына ықпал етеді. **Сыбайлас-жемқорлық** экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдастырылған қылмыстың, әсіресе экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды. Сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, болдырмау, алдын алу және өз құзыреті шеңберінде оларды жасаған адамдарды жауапқа тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметі, қаржы және әскери полиция органдарымен жүзеге асырылады.





**«Адалдық жолынан айнамайық – тамырын жемқорлықтың біз шабайық!»** атты Ішкі істер орган қызметкерлерінің, әкімшіліктің, прокуратура өкілдерінің қатысуымен қызметкерлер арасында жиын өткізілді.







**Баяндама: «Адалдық – адамдықтың белгісі»**  
**Оқыған: Абдикалиев Ұлықбек**  
Жемқорлық, адалдық туралы қойылған сұрақтарға  
оқытушылар мысалдармен жауап берді.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз - бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты деп айтқан екен кезінде Аристотель ғұлама. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе - бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым.

### **Жүргізуші:**

Жамандыққа тосқауылды қояйық,  
Пара алғанның жолы жабыққой анық,  
«Қазақстан-2050»-айқын жол,  
Күресейік, жемқорлықты жояйық.

### **Сұрақ - жауап:**

1. Пара беру дегеніміз не?
2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін қандай жауапкершілік көзделген?
3. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?
4. Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты ( гүл, сағат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?
5. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық ұсынса, жемқорлыққа жатады ма?
6. Оқытушы сабаққа келмей жүрген оқушыны, емтиханнан өткізбей қояды. Алайда оқушы оқытушыға алдағы уақытта сабаққа келіп, сабақты жақсы оқитынын айтып, емтиханнан өткізуін өтінеді. Оқытушы оқушыдан бір пачка қағаз талап етеді. Бұл парақорлыққа жата ма?
7. Пара мен сыйлықтың айырмашылығы қандай?

### **Жүргізуші:**

Егеменді өсер елде тұрам Мен,  
Білдіремін сезімді жыр-әнмен.  
Жолыменен Елбасының жүрейік,  
«Жемқорлыққа жол жоқ»-деген ұранмен.

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылды, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығыменен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.





Сөз Мақтаарал ауданы бас маман заңгері  
Арман Бексейтұлына берілді.





Құрметті оқытушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысыңдар. Адам белгілі бір материалдық жағдайға тәуелді болғанда, ол ар-ұят, намысты екінші орынға қояды. Егер, біз осылайша, ар-ұят, намысты екінші орынға қоятын болсақ, онда болашақта тұтас бір ұрпақты жоғалтып алуымыз мүмкін. Біз осыны түсінуіміз керек, себебі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресе отырып, өмірімізді одан әрі жақсартып, адамгершілік, рухани байлығымызды жоғалтпай, өркениетті ел құруымыз керек. Сондықтан құрметті әріптестер, әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін өз мүмкіншіліктеріміз мен білімімізді тек адал жолға пайдалана білейік!

Осымен жиынымыз аяқталды. Қош сау болыңыздар!

**«Адалдық жолынан айнымайық – тамырын жемқорлықтың біз шабайық!» атты**  
Ішкі істер орган қызметкерлерінің, әкімшіліктің, прокуратура өкілдерінің қатысуымен  
қызметкерлер арасында өткізілетін жиынның  
хаттамасы

**Х А Т Т А М А № 11**

29.03.2019 ж.

Күн тәртібі:

1. "Сыбайлас жемқорлық туралы сіз білуге тиіс мәлімет" туралы.
2. «Адалдық – адамдықтың белгісі» туралы.

Мақтарал аграрлық колледжінің оқытушысы Б.Сейдахметов жиынның тақырыбын ашып, келген қонақтармен таныстырып өтті.

1. Мақтаарал а/о бас заман заңгері Джуматаев Арман Бексейітұлы.
2. Ауыл әкім көмекшісі Паташов Досжан Момынтайұлы.

Б.Сейдахметов сөз кезегін құқық пәні оқытушысы Г.Ауелбекованың "Сыбайлас жемқорлық туралы сіз білуге тиіс мәлімет" тақырыбынадағы баяндамасына берді. Г.Ауелбекова өз сөзін қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың негізгі түрлері:

1. Корпоративті сыбайлас жемқорлық – капиталдың елден шығарылуы, салық төлеуден жалтару, кәсіпкерлігін жүргізу үшін шенеуніктерге пара беру, үстемақы алу үшін монополиялық жағдайды пайдалану, келісім, сараптама мен сертификат алу үшін пара беру.

2. Саяси сыбайлас жемқорлық – ақша алып, мемлекеттік сатып алудың бюджеттік қаржысын заңсыз бөлу, түрлі мемлекеттік қызметтердің орындалуын тездету үшін пара алу, түрлі заң бұзушылықтарды жасыру үшін ақша бопсалау, қаржының депозит не облигация ретінде қаржы ұйымдарына жіберілуі, инвесторларға заңсыз түрде қолайлы жағдай жасау.

3. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – түрлі әлеуметтік жеңілдіктер мен қызмет үшін тұрғындардан пара алу, заңның бұзылуын жасыру, түрлі рұқсатнамалар алу.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа қылмыстық кодекске, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық саласына қатысты да өзгерістер енгізілген.

361 Қызмет орнын пайдалану 2000 АЕК дейінгі айып / 4-8 жылға бас бостандығынан айыру;

362 Білігі мен қызмет орнын асыра пайдалану 3000 АЕК дейінгі айып / 5-10 жылға бас бостандығынан айыру;

363 Лауазымды тұлғаның өкілеттігін иелену 2000 АЕК дейінгі айып / 75 тәулікке қамалу Заңсыз түрде кәсіпкерлік қызметке араласу 1000 АЕК дейінгі айып / 4 жылға бас бостандығынан айыру;

365 Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі болу 2000 АЕК дейінгі айып / 3-7 жылға бас бостандығынан айыру;

366 Пара алу 50 пара көлеміндегі айып / 10-15 жылға бас бостандығынан айыру;

367 Пара беру 20 пара көлеміндегі айып / 10-15 жылға бас бостандығынан айыру;

368 Бопсалауда арада жүру 10 пара көлеміндегі айып / 6 жылға бас бостандығынан айыру;

369 Қызмет орнында алдау 2000 АЕК дейінгі айып / 3-6 жылға бас бостандығынан айыру;

370 Қызмет орнындағы әрекетсіздік 2000 АЕК дейінгі айып / 4-8 жылға бас бостандығынан айыру;

371 Немқұрайлылық 1000 АЕК дейінгі айып / 5 жылға бас бостандығынан айыру.

Егер сіз қандай да бір ұйым, мекемеде жемқорлық, бопсалаушылық, пара алу, пара беру және т.б. сыбайлас жемқорлық көрінісіне тап болсаңыз, бұл проблемаға немқұрайлы қарамаңыз - деп өз сөзін аяқтады.

«Жемқорлықтың зардабы» тақырыбындағы бейнеролик тамашаланды. Сөз кезегін екінші «Адалдық – адамдықтың белгісі» тақырыбындағы баяндамаға берілді.

Ұ.Абдикалиев сөзге шығып, Адалдық — адам мінезіндегі бағалы қасиет; Әрбір қоғамның адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі бар. Қарапайым халық әрқашан да адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады. “Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі — қазақтың әулиесі сол”, — дейді Абай. Ол туа пайда болмайды. Қоғамның дамуына сәйкес әрбір адамның өнегелі тәрбиесіне, оқып білім алуы мен адал еңбектену процесінде қалыптасады.

Адалдық - адам бойындағы таза ниет, қазақ пайымында адам бойында адалдық пәктік, ар – ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиеттердің болуы керек. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың қолжазбалары мен күнделіктерінде көп айтылады. Адам өзінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, өзін-өзі танып, өзінің және өкпшіліктің алдындағы жауапкершілікті сезінуі үшін бойында адалдық қасиеті басым болуы қажет. Адам өзгелермен қарым-қатынаста, іс-әрекетте адалдық танытуына байланысты оның жақтастары да көп болады. Адалдық болғанда ғана адамдар шындықпен өмір сүре алады. Адамзаттың ең бір асыл қасиеттерінің бірі Ар мен Ұят. Өзінің теріс әрекетіне ұяла білу – парасатты тәрбиені көрген адамның ісі. Мен баяндамамды орыс ақыны Огаревтің төмендегі сөздерімен аяқтағым келеді «**Адал адам болу бұл жалпының игілігіне бола өмір сүру, ортақ мүддеге бола жеке мүддені құрбан ету деген сөз**». Ондай болса адалдық жолынан айнамай, ісімізді адал атқарып, өзгелерге үлгі болып жүрейік, құрметті әріптестер!- деп өз сөзін аяқтады.

Жиынның соңында оқытушыларға сұрақтар қойылып, оқытушылар тарапынан жауаптары естілді.

### Қаулы:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарысы іс-қимылдардың алдын алу мақсатында колледжде қажетті шараларды жүйелі жүргізу және жандандыру.

Жиналыстың төрайымы:

Жиналыстың хатшысы:



Ауелбекова Г.

Құлназарова Ж.